



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

**Электр қауіпсіздігі
АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖЕЛІЛЕРГЕ ҚОСЫЛАТЫН ЖАБДЫҚТАРҒА
АРНАЛҒАН ИНТЕРФЕЙСТЕРДІ ЖІКТЕУ**

**Электробезопасность
КЛАССИФИКАЦИЯ ИНТЕРФЕЙСОВ ДЛЯ ОБОРУДОВАНИЯ,
ПОДСОЕДИНЯЕМОГО К ИНФОРМАЦИОННЫМ И
КОММУНИКАЦИОННЫМ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИМ СЕТЯМ**

ҚР СТ МЭК 62102-2009

(МЭК 62102-2005 «Электр қауіпсіздігі. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялық желілерге қосылатын жабдықтарға арналған интерфейстерді жіктеу», IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Электр қауіпсіздігі

**АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖЕЛІЛЕРГЕ ҚОСЫЛАТЫН ЖАБДЫҚТАРҒА
АРНАЛҒАН ИНТЕРФЕЙСТЕРДІ ЖІКТЕУ**

ҚР СТ МЭК 62102-2009

*(МЭК 62102-2005 «Электр қауіпсіздігі. Ақпараттық және коммуникациялық
технологиялық желілерге қосылатын жабдықтарға арналған
интерфейстерді жіктеу», IDT)*

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғы сөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және № 70 «Ресурс үнемдеуді стандарттау» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2009 жылғы қарашадағы № 583 ОД бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт МЭК 62102-2005 «Электр қауіпсіздігі. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялық желілерге қосылатын жабдықтарға арналған интерфейстерді жіктеу» (Electrical safety - Classification of interfaces for equipment to be connected to information and communications technology networks), IDT халықаралық стандартымен бірдей.

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2014 жыл
5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгеріс мәтіні «Мемлекеттік стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Белгілеулер мен қысқартулар	4
5	Эталондық пішін үйлесімі	5
6	Ақпараттық және коммуникациялық технологиялық желілерге қосылу үшін қамтамасыз етілген интерфейстердің қауіпсіздік санаттары	7
7	Интерфейс портының қауіпсіздігіне әсер ететін құбылыстар	8
8	Тізбектің типін анықтау	9
	А қосымшасы (анықтамалық). Интерфейстер жағдайын талдау	11
	Б қосымшасы (анықтамалық). Белгілі бір желілік интерфейстердің әзірленген үлгілері	15
	В қосымшасы (анықтамалық). 0 желілік қоршауының шарты	18
	Г қосымшасы (анықтамалық). SELV тізбектер мен TNV тізбектер кернеуінің ауқымы	19
	Библиография	20

Кіріспе

Осы стандарт жабдықтың қауіпсіздігіне арналған интерфейстерге қойылатын талаптарды айқындайтын нұсқаулық болып табылады. Ол интерфейстер қатарын келтіреді және әрбір келтірілген интерфейстің қауіпсіздік санатын көрсетеді. Осы стандарттың ішінде сынақ мақсаттарына сәйкестендіру үшін жеткілікті бөлшектер жоқ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Электр қауіпсіздігі
АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
ЖЕЛІЛЕРГЕ ҚОСЫЛАТЫН ЖАБДЫҚТАРҒА АРНАЛҒАН
ИНТЕРФЕЙСТЕРДІ ЖІКТЕУ

Electrical safety
Classification of interfaces for equipment to be connected to information and
communications technology networks

Енгізілген күні 2010-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт жабдықтың интерфейстеріне қолдануды белгілейді. Жабдық шеңберінде осы интерфейстер телекоммуникация желісіне қосылуы мүмкін, телекоммуникация желісінің инфрақұрылымының бір бөлігін құрауы немесе деректерді локальды беруді қамтамасыз етуі мүмкін.

Осы стандарт тиісті тәсілмен өзара байланысқан жабдықтарға ғана таралады. Сондай-ақ осы стандарт бір жабдыққа қосылған екінші жабдықтан болған залалды қарастырмайды. Тек, интерфейстер өте жоғары немесе кішірек деңгейлерінде әзірленуі мүмкін. Бұндай жағдайда бірдей санаты мен қорғаныш деңгейі бар интерфейстерді ғана қосуды қамтамасыз еткен жөн. Бұл жабдықты дайындаушылардың және электр байланыс желісінің операторларының қолжетімді спецификацияларына ғана және қорек желісінің интерфейсінің инсталляция санатына қатысты ақпарат бойынша негізделген.

Осы стандарт жабдықты әзірлеушілер, желі операторлары, желі инспекторлары/басшылығы, стандартты әзірлеушілер мен желіні орнатушылардың қолдануы үшін арналған. Сондай-ақ жабдықтың түрлі интерфейстеріне қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

МЭК 60950-1-2005* Ақпараттық технологиялар жабдығы, қауіпсіздік. 1-бөлім. Жалпы талаптар.

* ҚР СТ 1.9-2007 сәйкес қолданылады

МЭК 60950-21-2002* Ақпараттық технологиялар жабдығы. Қауіпсіздік талаптары. 21-бөлім. Қашықтағы электр қорегі.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдаланған кезде сілтеме стандарттар мен жіктеуіштердің қолданыстағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылы жарияланған сәйкес ай сайын басылып шығатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтеме құжат ауыстырылса, (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта МЭК 60950-1, МЭК 60950-21 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Айнымалы ток желісінен қоректену а.с.: Айнымалы тогы бар жабдықты электрмен қоректендіруге арналған айнымалы токтың электрлік тарату жүйесі. Электр энергиясының осы көздеріне қоғамдық және жеке коммуналдық кәсіпорындар кіреді және егер стандартта басқалай негізделмесе, қозғалтқыштан және қоректенудің үздіксіз көзінен жетегі бар генераторлар сияқты балама көздер кіреді.

3.2 Қауіпті кернеу: Шекті токтың тізбегінің талаптарына және TNV тізбектің талаптарына сәйкес келмейтін, тізбектегі тұзу токтың 42.4 В немесе 60 В d.c шыңдық кернеуінен аспайтын кернеу.

3.3 Шекті ток тізбегі: Стандартты екі жұмыс жағдайында және істен шығудың жалғыз жағдайында токты ықтимал алу қауіпті болмайтындай әзірленген және қорғалған тізбек.

3.4 Бастапқы тізбек: Айнымалы токтың а.с. қоректену көзімен тікелей қосылған тізбек. Оған мәселен, айнымалы токтың қоректену көзіне қосылу құралы, түрлендіргіштің, қозғалтқыштың және жүктеменің басқа аспаптарының алғашқы орамасы кіреді.

3.5 Қайталама тізбек: бастапқы тізбекпен тікелей байланысы жоқ және түрлендіргіштен, конвертерден немесе балама оқшаулаушы аспаптан немесе батареикадан қорек алатын тізбек.

3.6 SELV тізбек: қайталама тізбек, стандартты екі жұмыс жағдайында және істен шығудың жалғыз жағдайында оның кернеуі қауіпсіз мәннен аспайтындай әзірленген және қорғалған тізбек.

3.7 TNV тізбек (TNV-1 тізбекті, TNV-2 тізбекті және TNV-3 тізбекті қоса алғанда): жабдықтағы және түйіспенің қолжетімді ауданы шектеулі және стандартты жұмыстық жағдайларда және істен шығудың жалғыз жағдайында кернеу белгіленген шекті мәндерден аспайтындай есептелген және қорғалған тізбек.

3.8 Телекоммуникациялық желі: Мыналарды:

- егер телекоммуникациялық трансмиссиялық орта қолданылса, электр энергиясымен жарақтау, беру және таратуға арналған электрмен қоректену желісін;

- кабельдерді тарату жүйесін;

- деректерді өңдеу жабдығының бірліктерін қосатын SELV тізбектерді қоспағанда жеке ғимараттарда орналасуы мүмкін жабдықтар арасында коммуникациялары үшін берудің металлмен шектелген ортасы.

1-ескертпе Телекоммуникациялық желі деген термин оның атқарымдығы не оның электрлік сипаттамалары шеңберінде айқындалады. Телекоммуникациялық желі не қайталама SELV тізбек, не TNV тізбек ретінде айқындалмайды. Тек жабдықтағы тізбектер былай жіктеледі:

2-ескертпе Телекоммуникациялық желі мынадай болуы мүмкін:

- қомдық немесе жеке меншік;

- энергияны тарату жүйесінде істен шығуларды және атмосфералық разрядтар салдарынан транзиттік асқын кернеуге ұшырауы;

- жақын жердегі электр желілері мен электр тарту желілерінен пайда болған бойлық кернеуге (кәдімгі тәсіл) ұшырауы мүмкін.

3-ескертпе Мыналар телекоммуникациялық желі болып табылады:

- жалпы пайдаланылатын телефон желісі: PSTN

- деректерді қоғамдық пайдалану желісі;

- цифрлық желінің сабақтасқан қызметі (ISDN);

- жоғарыда берілгенге ұқсас электрлік желінің сипаттамасы бар жеке желі.

3.9 Кабельді тарату жүйесі: Мыналарды:

- егер телекоммуникациялық трансмиссиялық орта қолданылса, электр энергиясымен жарақтау, беру және таратуға арналған электрмен қоректену желісін;

- кабельді тарату жүйесін;

- деректерді өңдеу жабдықтарының бірлігін қосатын SELV тізбектерін қоспағанда ең бастысы жеке ғимараттар арасында немесе сыртқы антенналар мен ғимараттар арасындағы бейне және/немесе аудио сигналдарды беру үшін арналған коаксиальды кабельді қолданатын металлмен шектелген орта.

1-ескертпе Мыналар:

- жергілікті кабельді желілер, қоғамдық антенналық телевизиялық жүйелері және бейне және аудио сигналдарды таратуды қамтамасыз ететін ұжымдық антенналар телевизиялық жүйелер;

- антенналарды қабылдайтын сателлитті тарелкаларды және соған ұқсас аспаптарды қоса алғанда сыртқы антенналар кабельдердің тарату желілерінің үлгілері болып табылады.

2-ескертпе Кабельді тарату жүйелері телекоммуникациялық желілерге қарағанда көп ауысуға ұшырауы мүмкін.

3.10 Қызмет көрсететін персонал: Тапсырманы немесе сол адам немесе басқа адамдар үшін қауіптерді азайту бойынша шараларды орындау кезінде адам ұшырауы мүмкін қауіптілікті түсіну үшін қажетті тиісті техникалық білімі мен тәжірибесі бар персонал.

3.11 Пайдаланушы: Қызмет көрсететін персоналдан басқа кез келген адам.

3.12 RFT тізбек: Қашықтан қоректенуі бар телекоммуникациялық желі.

3.13 RFT –С тізбек, RFT – тізбек: стандартты жұмыс жағдайлары мен істен шығудың жалғыз жағдайында тізбектегі ток белгілі бір мәндерден аспайтындай есептелген және қорғалған.

3.14 RFT – V тізбек, RFT тізбек: стандартты жұмыс жағдайлары мен істен шығудың жалғыз жағдайында тізбектегі кернеу шектеулі және түйіспенің қолжетімді ауданы шектеулі болатындай есептелген және қорғалған.

3.15 Антеннаның интерфейсі: Радиожиілік антеннасын жабдыққа қосуға арналған порт.

3.16 Коаксиальды кабельдің интерфейсі: Жабдыққа ассиметриялық беруді қамтамасыз ететін коаксиальды кабельді қосуға арналған порт.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартта ішкі және сыртқы коаксиальды кабельдерді қолдану жеке қарастырылған.

3.17 Желі қосылған жер: Қосылатын жабдықтарды қосуды қабылдауға немесе басқа желімен өзара жұмыс істеуге арналған желінің шекарасындағы физикалық нүкте.

3.18 Қосарланған өткізгішті интерфейс: Симметриялық берілісті қамтамасыз ететін кабельді жабдыққа қосуға арналған порт (мәселен, бұралған жұп).

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартта ішкі және сыртқы бұралған жұп кабельдерді қолдану жеке қарастырылады.

3.19 Ұштық қосылыстарды түйістіру нүктелері: Желіге қосылуға арналған терминалды жабдықтың физикалық нүктесі.

4 Белгілеулер мен қысқартулар

Осы стандартта мынадай белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:


ADSL	Ассиметриялық цифрлық абоненттік желі
DLL	Цифрлық жергілікті желі
DSL	Цифрлық абоненттік желі
ESD	Электростатикалық разряд

HPNA	Үй сым телефонының желілік архитектурасы
ISDN	Сабақтасқан қызметтері бар цифрлық желі
KYBD	Пернетақта
LAN	Жергілікті желі
LEPM	Бастапқы мультиплексиялық беру
LPZ	Найзағай соққысынан қорғау аймағы
LTU	Сызықтық терминал
NCP	Желіні қосу нүктесі
NO	Желі операторы
NT	Желілік терминал
NTBA	Желілік терминал, негізгі қолжетімділік
NTP	Желілік терминал нүктесі
NTU	Желілік жалғаудың құрылғысы
PABX	Шығыс және кіріс байланысы бар мекемелік АТС
PC	Дербес компьютер
PCM	Импульсті кодтық модуляция
PNO	Жалпы пайдаланылатын желінің операторы
POTS	Қарапайым ескі телефон қызметі
PSTN	Ортақ пайдаланылатын коммутацияланатын телефон байланысы
RFT	Қашықтан қоректенуі бар телекоммуникация
RPS	Қашықтан электрмен жабдықтау
RS	Ұсынылған стандарт
SDH	Синхронды цифрлық иерархия
TA	Терминалды адаптер
TCP	Қосылудың соңғы пункті
TE	Терминалды жабдық
USB	Деректерді берудің әмбебап тізбекті шинасы
VGA	Бейнеграфиканың логикалық графикасы
ZWRBA	Регенератор, жалпы қолжетімділік

5 Эталондық пішін үйлесімі

1-суретте осы стандарт таралатын жабдықтардың типтерінің үлгілерін көрсете отыра, «желілік бұлттар» гипотетикалық пішін үйлесімі берілген. Жабдықтың белгілі бір типтерінің, интерфейстердің бір немесе екі типі болады, ал басқасында бірнешеу болады. «Желілік бұлттардың» кейбірі PSTN элементтері (желінің бірден артық операторы болуы мүмкіндігі бар) болып табылады және басқалар жеке желілер болып табылуы мүмкін. Осы «желілік бұлтпен» байланысқан жабдықтар және «желілік бұлттың» бір бөлігі осы стандарттың қолданылу саласы қамтыған кез келген типті болады.

Осы стандартта 1 және 2-суретте келтірілген белгілі бір үлгілерге қатысты қауіпсіздік пен қорғау деңгейлерінің талаптарының үлгілері бар. Қамтылмаған пішін үйлесімін де сол ережелер бойынша қарастырған жөн.




1-сурет


Практикалық жағдайда жабдықтың әр түрлі типтегі екі немесе одан көп интерфейстері болған кезде әдетте МЭК 60950-1 және МЭК 60950-21 сәйкес осы интерфейстер арасында жабдықты қауіпсіз бөлуді қамтамасыз ету қажет.

2-сурет ықтимал желілік пішін үйлесімінің үлгілерін көрсетеді. Осындай желілерге енген кейбір желілік элементтер мен түрлі коммерциялық ұйымдар мен жалпы пайдаланылатын желі операторларын (NPO) және әдетте соңғы пайдаланушыға қызмет көрсету үшін желілік инфрақұрылымды қамтамасыз етумен айналысатын (қоғамдық және жеке) желі операторларын (NO) қоса алғанда.


1 -үлгі



Үлгі 2



Үлгі 3



2-сурет Желілік пішін үйлесімінің үлгісі

6 Ақпараттық және коммуникациялық технологиялық желілерге қосылу үшін қамтамасыз етілген интерфейстердің қауіпсіздік санаттары

ЕСКЕРТПЕ Бастапқы тізбектер де, қайталама тізбектер де ауыспалы асқын жүктеулерге ұшырауы мүмкін. МЭК 60950-1 қара.

6.1 SELV тізбектері

SELV тізбектерге қойылатын талаптар МЭК 60950-1 белгіленгендей.

6.2 TNV тізбектері

TNV тізбектерге қойылатын талаптар МЭК 60950-1 белгіленгендей. TNV тізбектері одан әрі номиналды жұмыстық кернеу мен олардың асқын жүктеуге ұшырау ықтималдығына қарай TNV-1, TNV-2 және TNV-3 тізбектеріне бөлінеді.

6.3 Пайдаланушыға арналған ақпарат

Желіге арналған порттардың және желінің топологиясына қолданылатын (0 желілік қоршауда немесе 1 желілік қоршауда болатын, 6.1 және 6.2 қара) кез келген шектеулердің қауіпсіздігін жіктеу (мәселен, **SELV** тізбектері, **TNV-1**, **TNV-2** немесе **TNV-3** тізбектері) егер түсінбеушілік қауіпсіздік қаупіне әкеп соғуы мүмкін болса, жабдықпен бірге берілетін дайындаушының құжаттамасында белгіленеді (1.7.2 МЭК 60950-1 қара).

ЕСКЕРТПЕ Интерфейстерді есептеуге қарай бір портты басқа жабдықтағы тізбектердің бір немесе бірнеше типіне сәйкесінше қосу мүмкін болады. Мәселен, **SELV** тізбектің талаптарына сай келетін жабдықтағы электрсұлбасын құрастыруды қарастырады және интерфейстердің телекоммуникациялық желісі МЭК 60950-1 6.2.1 т. сәйкес жабдықтағы электрсұлбасын құрастырудан бөлінетін интерфейсін осы телекоммуникациялық порты **SELV** тізбектің немесе **TNV-1** тізбектің кез келгеніне қосу үшін сәйкес келуі мүмкін.

Пайдаланушы орнату үшін арналған жабдықтар үшін мыналар ұсынылады:

- 1 желінің қоршауына (мәселен, **SELV** тізбектің орнына **TNV-1** тізбекті немесе **TNV-2** орнына **TNV-3** тізбекті) қосу үшін арналған электрсұлбаны құрастыру үшін порттың телекоммуникациялық интерфейстерді қамтамасыз ету немесе;
- **телекоммуникациялық желілерді** 1 желілік қоршауға қосудан аулақ болуы үшін **пайдаланушыға** арналған нұсқаулықтарда жеткілікті ақпаратты қамтамасыз етеді.

6.4 RFT тізбектері

RFT тізбектеріне қойылатын талаптар **МЭК 60950-21** белгіленгендей.

7 Интерфейс портының қауіпсіздігіне әсер ететін құбылыстар

А қосымшасы бірқатар жағдайларды айқындайды, олардың кейбірі асқын жүктеу пайда болатындай және жабдықтың интерфейс портына берілетіндей телекоммуникациялық желіге әсер етуі мүмкін. Осы жағдайлар, әдетте тізбектегі стандартты жұмыстық кернеуден тәуелсіз болады, алайда тізбектің импеданстың әсеріне ұшырауы ықтимал.

Белгілі бір жабдықтарға қосу үшін жабдықтағы тізбектердің қауіпсіз күйін айқындау үшін мынаны:

Тізбектегі стандартты жұмыстық кернеуді (таралып отырған тізбектер немесе телекоммуникациялық желіде болатын кез келген кернеу себепші болған);

- асқын кернеудің күрделілігі мен жиілігі;
- тізбек электр энергиясына қауіп төндіре ме;
- тізбектің шектеулі қоректену көзі бар ма екенін білген жөн.

7.1 0 желілік ортасы

мына шарттар осы желінің барлық бөліктеріне қолданылса, **желілік орта** 0 желілік ортасы болып саналады:

- a) түзу емес найзағайға ықтимал әсерлер азайды (нақтырақ С қосымшасының 1- тармағын қара);
- b) Жердің түрлі электрлік әлеуеті бар екендігі ықтималдығы азайды (нақтырақ С қосымшасының 2-тармағын қара);
- c) энергияның қиылысу/түйіспесінің ықтималдығы азайды (нақтырақ С қосымшасының 3-тармағын қара);
- d) еріксіз ауысулар мен кернеулердің ықтималдығы азайды (нақтырақ С қосымшасының 4 және 5- тармағын қара).

7.2 1 желілік ортасы


Егер 0 желілік ортасының бір немесе одан көп талаптары орындалмаса, **телекоммуникациялық желі** желілік орта болып саналады.

8 Тізбектің типін анықтау

Белгілі бір интерфейске қолданылатын тізбектің типін айқындау үшін мынаны:

- жабдықтағы стандартты жағдайлар немесе жалғыз істен шығу жағдайларында жұмыстық кернеу (немесе белгілі бір тізбектер үшін ток); және
- желі 0 желілік ортасы немесе 1 желілік ортасы болып табыла ма екендігін білу қажет.

Бұл 3-суретте көрсетілген.



1-ЕСКЕРТПЕ SELV тізбектерін, TNV тізбегін және RFT тізбегін қауіпті кернеуден бөлу талаптары МЭК 60950-21 және МЭК 60950-21 белгіленген. Қауіпті кернеу бастапқы тізбекте немесе қайталама тізбекте болуы мүмкін.

2-ЕСКЕРТПЕ Тізбектердің типтерінің сипаттамасы оқшаулау, токты шектеу әдісі, энергетикалық шектер, асқын кернеу және ауысулар сияқты желілерді көрсету үшін пайдаланылатын кернеу сипаттамаларынан артықты қамтиды. Егжей-тегжейлі тізбектерге қойылатын талаптардан табуға болады.

3 -сурет Тізбек типін анықтау сұлбасы

Желінің белгілі бір интерфейстерінің үлгісі Б қосымшасында берілген. SELV тізбегі мен TNV тізбегінің кернеу ауқымы Г қосымшасында берілген.

А қосымшасы
(анықтамалық)

Интерфейстер жағдайын талдау

А.1 кестесі. Интерфейстер жағдайын талдау

	Қарауға арналған интерфейс порты	Қазіргі бар стандарттар/Басқа құжаттар	Қауіпсіздікті талдау
	Сыртқы қосарланған өткізгіш		TNV-1 тізбегі (егер SELV тізбегі шегінде болса) немесе TNV-3 тізбегі (егер TNV RFT тізбегі шегінде (егер RFT тізбегі шегінде) пайда болған асқын кернеу немесе қауіпті кернеу салдарынан
	Сыртқы коаксиальды кабель		TNV-1 тізбегі (егер SELV шегінде болса) немесе тізбегі TNV-3 (егер TNV-3 тізбегі шегінде болса) пайда болған асқын кернеу немесе қауіпті кернеу салдарынан
	Ішкі қосарланған өткізгіш		SELV тізбегі, TNV-1 тізбегі, TNV-2 тізбегі, TNV-3 тізбегі немесе RFT тізбегі немесе асқын кернеу болуы ықтимал
	Ішкі коаксиальды кабель		SELV тізбегі, TNV-1 тізбегі, TNV-2 тізбегі, TNV-3 тізбегі немесе қауіпті кернеу болуы ықтимал
	АС қоректену көзі		Алғашқы тізбек, қауіпті кернеу
	Сыртқы антенна	МЭК 112 нұсқаулығымен	МЭК 60065, 10.1 импульсті сынағымен қарастырылды. TNV-1 тізбегі (SELV тізбегінің кернеуі шегінде болса) немесе TNV-3 тізбегі (егер TNV-3 тізбегі шегінде болса) болуы ықтимал
	Сыртқы қосарланған өткізгіш		Тізбектің инсталляциясы МЭК 60950 сериясына өтпелерді 1,5 кВ-ға дейін шектеуге тиіс
	Сыртқы коаксиальды кабель		Желінің инсталляциясы сигналдар үшін өтпелерді 4.0 кВ-қа дейін және қуаттылықты ретрансляторларды 5.0 кВ-қа дейін және егер МЭК 60950 сериялы сыртқы

ҚР СТ МЭК 62102-2009

			антеннаға қосылған болса 10 кВ шектеуге тиіс.
	Ішкі қосарланған өткізгіш	МЭК 61312-1	TNV-1 тізбегі үшін МЭК 60950 сериясының 1,5 кВ өтпелерге қойылатын талаптармен қарастырылған және инсталляция қорғаудың сәйкес құралдарын береді
	Ішкі коаксиальды кабель	МЭК 61312-1	TNV-1 тізбегі үшін МЭК 60950 сериясының 1,5 кВ өтпелерге қойылатын талаптармен қарастырылған және инсталляция қорғаудың сәйкес құралдарын береді
	АС негізі		МЭК 60664-1. қаралады

А.1 кестесінің жалғасы

Құбылыс	Қарауға арналған интерфейс порты	Қазіргі бар стандарттар/Басқа құжаттар	Қауіпсіздікті талдау
Найзағайдың тікелей түсуінен	Сыртқы қосарланған өткізгіш		Найзағайдың қосарланған өткізгішті кабельге тікелей соққысы нәтижесінде болжалданатын кернеу МЭК 60950 сериясында қарастырылғаннан артық және сондықтан осы стандарттың қолданылу саласының шегінен асады
	Сыртқы коаксиальды кабель		Осы стандарттың қолданылу саласының шегінен тыс жатқан жерлендіру бойынша желі операторына арналған нұсқаулықтарда қарастырылған.
	Антенна		Сыртқы антенналар ережелері желі операторына арналған практикалық нұсқаулықта немесе осы техникалық есептің қолданылу саласына кірмейтін мемлекеттік заңнамада қаралатын қорғаныш жерлендіруді талап етеді
Электр энергиясына пайда болған	Сыртқы қосарланған өткізгіш		ITU –Т директивасы, VI том талаптары МЭК 60950 сериясын құрған кезде қарастырылды және келесі іс-қимыл TNV-1, TNV-3 тізбектері және RFT тізбектері үшін талап етіледі.
	Сыртқы коаксиальды		ITU –Т директивасы, VI том талаптары МЭК 60950 сериясын

	кабель		құрған кезде қарастырылды және келесі іс-қимыл TNV-1, TNV-3 тізбектері және RFT тізбектері үшін талап етіледі.
ESD			Осы стандарттың қолданылу саласына кірмейді
Жоғары кернеуді қосу салдарынан ток импульсі	АС қоректену көзі	МЭК 60664-1	МЭК 60664-1 қаралды
Жер потенциялындағы айырма	Сыртқы қосарланған өткізгіш		Интерфейстер.6.2.1 т. с) МЭК 60950-1 сәйкес жерден бөлінуін қамтамасыз етеді
	Сыртқы коаксиальды кабель		Инсталляцияға қолданылатын ITU-T K27 немесе ITU-T нұсқаулықтарына немесе К.31 нұсқаулықтарына сәйкестігін немесе 6.2.1 т. с) МЭК 60950-1 сәйкес жерден бөлінген интерфейстерді қамтамасыз етеді
	Ішкі қосарланған өткізгіш		МЭК 60364 бойынша эквипотенциалды қосылысқа айқаспа сілтеме жасалатын Желіні қоршауды талдауда қарастырылған. 1 желіні қоршау үшін интерфейстер сыртқы қосарланған өткізгіштер ретінде қаралады
	Ішкі коаксиальды кабель		МЭК 60364 бойынша эквипотенциалды қосылысқа айқаспа сілтеме жасалатын Желіні қоршауды талдауда қарастырылған. 1 желіні қоршау үшін интерфейстер сыртқы коаксиальды кабельдер ретінде қаралады

А.1 кестесінің жалғасы

Құбылыс	Қарауға арналған интерфейс порты	Қазіргі бар стандарттар/Басқа құжаттар	Қауіпсіздікті талдау
Энергияның қиылысуы (Тікелей түйіспе)	Сыртқы қосарланған өткізгіш	ITU-T K20, K21 ұсыныстары	
	Сыртқы коаксиальды кабель		
	Сыртқы қосарланған өткізгіш		Инсталляцияның ITU-T K27 ITU-T нұсқаулықтарға немесе инсталляцияға қолданылатын К.31 нұсқаулықтарына сәйкестігін қамтамасыз етеді
	Сыртқы коаксиальды кабель		Инсталляцияның ITU-T K27 ITU-T нұсқаулықтарға немесе инсталляцияға қолданылатын К.31 нұсқаулықтарына сәйкестігін қамтамасыз етеді
	Ішкі қосарланған өткізгіш		Инсталляцияның ITU-T K27 ITU-T нұсқаулықтарға немесе инсталляцияға қолданылатын К.31 нұсқаулықтарына сәйкестігін қамтамасыз етеді
	Ішкі коаксиальды кабель		Инсталляцияның ITU-T K27 ITU-T нұсқаулықтарға немесе инсталляцияға қолданылатын К.31 нұсқаулықтарына сәйкестігін қамтамасыз етеді

Б қосымшасы
(анықтамалық)

Белгілі бір желілік интерфейстердің әзірленген үлгілері

Б.1 кестесі ортақ желілік интерфейстерінің әзірленген кейбір үлгілерін қамтамасыз етеді. Осы кесте ақпараттық және коммуникациялық технологиялық желілер үшін интерфейстер халықаралыққа қарағанда өңірлік немесе мемлекеттік деңгейде жиірек стандартталуын көрсетеді. Осы тізім жан-жақты толық емес.

Б.1 кестесі. Белгілі бір желілік интерфейстердің әзірленген үлгілері

Интерфейс немесе қосу нүктесі	Интерфейске арналған сәйкес құжаттар	Жуықталған жұмыстық кернеу	Жерлендіру	6-тармақ бойынша желіні қоршау	МЭК 60950 сериялы тізбектер санаты
Стансалық батарея «48В»	ETSI EN 300 132-2 ANSI T1 315-1994	Макс -57 Vd.s	Иә/жоқ	0	SELV
Стансалық батарея «60В»	ETSI EN 300 132-2	Макс -75 Vd.s	Иә/жоқ	0	TNV-2
1394 В	IEEE 1394a and 1394-1995 (IEEE 1394)	30 Vd.s	Иә	0	SELV
1394 В	IEEE 1394b	30 Vd.s	Жоқ	1	TNV-1
PSTN ұқсас, 48В батарея	ETSI EN 300 001 ETSI TBR 21	-57 Vd.s 80 V a.c	Иә/жоқ	1	TNV-3
PSTN ұқсас, 60В батарея	ETSI EN 300 001 ETSI TBR 21	-75 Vd.s 80 V a.c	Жоқ	1	TNV-3
Центроникс/параллель интерфейс (PC)	Дайындаушының талаптары	5 Vd.s	Иә/жоқ	0	SELV
[Құрылымдық емес.] Е 1	ETSI EN 300 418 ETSI EN 300 247	2 Vd.s	Жоқ	1/0	TNV-1/SELV
Ethernet желісі 10 База 2	ISO/IEC 8802-3	2 Vd.s	Жоқ	0	SELV
Ethernet желісі 10 База 5	ISO/IEC 8802-3	2 Vd.s	Жоқ	1	TNV-1
Ethernet желісі 10 База Т	ISO/IEC 8802-3	2 Vd.s	Жоқ	0	SELV
G. 703	ITU T Rek. G.703	3 Vd.s	Иә/жоқ	1/0	TNV-1/SELV
HPNA	HPNA 1MB PNY spek	80 V a.c -75 Vd.s	Иә/жоқ	1	TNV-3
ISDN DLL (бұрынғы ISDN UKO)	ETSI TS 102 080	115 Vd.s	Иә/жоқ	1	TNV-3
ISDN SO шина	ETSI EN 300 012-1	40 Vd.s	Нет	1/0	TNV-1/SELV
KYBD (PS/2 В шықпа	Дайындаушының талаптары	5 Vd.s	Иә	0	SELV
LEPM V2M (LTU жағы)	ETSI EN 300 233 ITU T Rek. G.703	3 Vd.s	Жоқ	0	SELV
Монитор (VGA DB 15 коннектор)	Дайындаушының талаптары	5 Vd.s	Иә	0	SELV
Тінтуір (PS/2, шықпа DIN типі)	Дайындаушының талаптары	5 Vd.s	Иә	0	SELV

ҚР СТ МЭК 62102-2009

PSM11TA Tln (NTU жағы) PSTN ұқсас	ETSI EN 300 001 ETSI TBR 21	31 Vd.s 40 V a.c	Жоқ	1	TNV-3
PSM11VA Tln (LTU жағы)	ETSI EN 300 001 ETSI TBR 21	-75 Vd.s 80 V a.c	Иә	0	TNV-2
PSM11VA GIGA (LTU жағы)	QD2 TG76/96	1,5Vd.s	Иә	0	SELV
PSM11VA UB (LTU жағы)	ETSI EN 300 132-2	-75 Vd.s	Иә	0	TNV-2
PCM2FA UKO	ITU-T Rek.G.703	115 Vd.s	Иә	1	TNV-3
PCM2TA Tln (NTU жағы)	ETSI EN 300 001 ETSI TBR 21 ETSI EN 300 659-2	31 Vd.s 40 V a.c	Жоқ	1	TNV-3
PCM2FA UKO (NTUжағы)	ITU-T Rek.G.703	115 Vd.s	Жоқ	1	TNV-3
PCM2TA Tln (LTU жағы)	ETSI EN 300 001 ETSI TBR 21	-75 Vd.s 80 V a.c	Иә	0	TNV-2
PCM2FA UKO (LTU жағы)	ITU-T Rek.G.703	115 Vd.s	Жоқ	1	TNV-3
RFT-C Қоректенудің алыс жатқан көзі	IEC 60950-21	1 500 Vd.s 60 mA	Иә/жоқ	1	RFT-C
RFT-V Қоректенудің алыс жатқан көзі	IEC 60950-21	100 VA 200 Vd.s Leakage current 10 mA bu 10 after 10s	Иә/жоқ Иә/жоқ	1	RFT-V
RFT-V Қоректенудің алыс жатқан көзі	IEC 60950-21	100 VA 140 Vd.s		1	RFT-V
RPS Қоректенудің алыс жатқан көзі	IEC 60950-21	110 Vd.s	Жоқ	1	TNV-3
RS 232 C/V.28	ITU-T Rek. V.28	15 Vd.s	Иә/жоқ	0	SELV
RS 422	ITU-T Rek. V.11	6 Vd.s	Иә/жоқ	1/0	TNV- 1/SELV
RS 423	ITU-T Rek. V.10	6 Vd.s	Иә/жоқ	1/0	TNV- 1/SELV
RS 485	ITU-T Rek. V.11	6 Vd.s	Иә/жоқ	1/0	TNV- 1/SELV
SCSI (стандартты, кең және өте кең)	Шағын компьютер жүйесінің интерфейсі (STA)	5 Vd.s	Иә	0	SELV
USB (әмбебап сериялық шина)	Дайындаушының талаптары	5 Vd.s	Жоқ	0	SELV
V 5.1	ETSI EN 300 324-1	3 Vd.s	Жоқ	1	TNV-1
V 5.2	ETSI EN 300 347-1	3 Vd.s	Жоқ	1	TNV-1
Бейне интерфейс (PC)	Дайындаушының талаптары	5 Vd.s	Иә/жоқ	0	SELV
X26/V10	ITU-T V.10	6 Vd.s	Иә/жоқ	1/0	TNV- 1/SELV
X27/V11	ITU-T V.11	6 Vd.s	Иә/жоқ	1/0	TNV- 1/SELV

xDSL	IEC TS 62367	28 V a.c. peak	Жоқ	1	TNV-1
ISDN бойынша xDSL немесе негізгі немесе қоса салынған жүйе/қызмет үшін қоректену көзімен	IEC TS 62367	120 V d.c. +xD3L	Жоқ	1	TNV-3
xDSL по POTS	МЭК TC 62367	<75B d.c./90B a.c. + xDSL	жоқ	1	TNV3
USB, 1394a, VGA, KYBD, MOUSE және SCSI интерфейстер барлық жүйелік қоректенуді периферияға, концентраторға немесе бекітілген ажыратқышқа шығарады. Жалпы сұлбалар сақтандырғышпен немесе қорғаныш құрауышпен қамтамасыз етіледі, ол тізбекті шектелген қоректенуі бар тізбек жасайды. «Жерге қосу» деген бағандағы «Иә» деген сөз интерфейс функционалды жерге қосылғанын немесе жерге қосылған экранмен жабдықталғанын білдіреді. Біріккен күшейткіші бар ПК кейбір аудио тізбектері SELV тұйықталған кернеуінің шегінен асады. МЭК 60065 сәйкес бұл шығулар микрофонның орауышының номиналды кедергісінің типтік желісін сынау кезінде SELV шегіне сәйкес келеді. PSTN жалпы пайдаланудың ұқсас коммутацияланатын телефон желісі және/немесе DSL цифрлық абоненттік сызықтары бар шинаны тарату салдарынан болған кернеу. Программалық қамтамасыз етуді жеткізу HPNA < 5B. 1-ескертпе 2-бағандағы сілтеме құжатта 1-бағанда белгіленген интерфейстің нақты атауы болмауы мүмкін, алайда балама интерфейсті келтіруі мүмкін. 2- ескертпе Сыйымдылықты сүзгісі бар айнымалы токтың а.с. қоректену көзінен алынған SELV азғана ауыспалы деңгейі бар ретінде қаралады. 3-ескертпе АҚШ-та жерге қатысты 300 В орташа квадраттық шамаға r.m.s.асқан кезде жұмыс істейтін қоректену көзі а.с. бар кездейсоқ түйіспе мүмкіндігі бар болған кезде, телекоммуникациялық желінің өткізгіші 1-желінің қоршауы болып саналады ^a Егер кестеде белгіленбесе, FPE (функционалды және қорғалған жер). ^b Кез келген басқа жабдықтардың тұрақты тогының қуаттылығына арналған интерфейс, мәселен, телекоммуникациялық аспаптардағы деректерді беру жабдықтары да ETSI EN 300 132-2 қамтылған. ^c Шақыру сигналы. ^d Қосымша ақпарат дайындаушының қамтамасыз ету үшін қажет болуы мүмкін, 5.3 қара.					

В қосымшасы
(анықтамалық)

0 желілік қоршауының шарты

1) Найзағайдың тікелей емес соққысының ықтимал әсері (мәселен, желілік өткізгіштерге жанама соққан, алайда онда кернеу тудырған найзағай) МЭК 61312-1 берілген шаралармен азайтылды, LPZ 1 қорғалған аймақ.

2) Желінің түрлі нүктесіндегі жердің түрлі әлеуетінің болу ықтималдығы электрлік ток қажетсіз деңгейге дейін, мәселен, желі ішіндегі барлық жабдықты балама әлеуетті қосылу жүйесіне қосып азайтылды (МЭК 60364 қара).

1-ЕСКЕРТПЕ Балама әлеуетті аймақ адамдарды электрлік шоктан қорғауды қамтамасыз ететініне қарамастан ол қосылу кабельдерін токпен асқын жүктеуден қорғауы міндетті емес. Бұл асқын жүктеулер өртке әкеп соғатын қаупі бар қыздыруды тудыруы мүмкін. Бұндай асқын жүктеулерді болдырмау үшін қолданылатын өлшеулердің үлгілеріне құрылыс кабелін пайдаланудың сәйкес ережесімен әлеуетті айырманың деңгейін азайту (инсталляцияға қолданылатын ITU-T K.27 арналған ұсыныстарды немесе ITU-T K.31 арналған ұсыныстарды қара) мен жабдықтың интерфейстерін жерден оқшаулау кіреді.

2-ЕСКЕРТПЕ АҚШ-та жерге қатысты 300 В орташа квадраттық шамаға r.m.s.асқан кезде жұмыс істейтін қоректену көзі а.с. бар кездейсоқ түйіспе мүмкіндігі бар болған кезде, телекоммуникациялық желінің өткізгіші 1-желінің қоршауы болып саналады

3)Мәселен, инсталляцияның сәйкес әдістерімен немесе **айнымалы токтың қоректену көзі а.с.** өткізгіштерін немесе желінің өткізгіштерін **қоректену көзі а.с.** ең жоғарғы жұмыстық кернеуінен қорғауды қамтамасыз етіп бұндай жағдайдың алдын алған кезде желі мен **айнымалы токтың қоректену көзі а.с.** арасындағы қоректену/түйіспенің айқаспа көзінің ықтималдығы аз болады, МЭК 60364 сипаттама бойынша.

4)электрлік оқшаулау және физикалық үйлестіру, желілік өткізгіштер және **қоректену көзінің а.с.** өткізгіштері салдарынан сыйымдылықты, индуктивті немесе жалпы импедансты байланыстың салдарынан қуаттың **қоректену ортасынан**, импульсінен және ақауынан (апаттан) пайда болған ауысулардың ықтималдығы аз болады.

5)**Телекоммуникациялық желі** мен осындай тартым жүйесінің арасындағы жеткілікті аралықтың болуы салдарынан электрлік тартымнан пайда болған кернеулердің ықтималдығы аз болады.

Г қосымшасы
(анықтамалық)

SELV тізбектер мен TNV тізбектер кернеуінің ауқымы

Г 1 кестесі. SELV тізбектер мен TNV тізбектер кернеуінің ауқымы

Телекоммуникациялық желіден асқын жүктеу болуы ықтимал ма?	Стандартты жұмыстық кернеу	
	SELV тізбектері шегінде	SELV тізбегінің шегінен арту, алайда, TNV тізбегінің шегі шеңберінде
Иә	TNV-1 тізбегі	TNV-3 тізбегі
Жоқ	SELV тізбегі	TNV-2 тізбегі
Ескертпе. Қосымша ақпаратты МЭК 60950-1 қарауға болады		

Библиография

- [1] МЭК 60065 Аудио-, бейне- және ұқсас электрондық аппаратура. Қауіпсіздік талаптар
- [2] МЭК 60364 Ғимараттардың электрқондырғысы
- [3] МЭК 60664-1 Төмен вольтті жүйелерде жабдықтарға арналған оқшаулауды үйлестіру. 1-бөлім. Принциптері, талаптар мен сынау.
- [4] МЭК 61312-1 Найзағай соққысы кезінде электромагнитті импульстерден қорғау. 1-бөлім. Негізгі принциптер.
- [5] МЭК 62151 Телекоммуникация желісіне электрлік қосылған жабдықтардың қауіпсіздігі.
- [6] МЭК 62367 Телекоммуникация желілеріне қосылған (DSL цифрлық абоненттік сызығына) xDSL арналған сигналдар үшін қауіпсіздік мәселелері
- [7] МЭК нұсқаулық 112 Мультимедиялық жабдықтың қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық
- [8] ИСО/МЭК 8802-3 Ақпараттық технологиялар. Телекоммуникациялар және жүйелер арасында ақпарат алмасу. Жергілікті және жалпы қалалық желілер. Арнайы талаптар. 3-бөлім. Тасымалдағышты бақылауы мен физикалықтың қақтығысы мен спецификациясын табуы бар көптік қолжетімділік әдісі.
- [9] ITU-T G. 703 нұсқаулығы, Иерархиялық цифрлық интерфейстердің физикалық және электрлік сипаттамалары.
- [10] ITU-T K.20 нұсқаулығы, Телефон желісіндегі асқын жүктемелер мен артық токтың әсеріне тұрақтылық.
- [11] ITU-T K 21 нұсқаулығы, Абоненттің телефон желісіндегі асқын жүктемелер мен артық токтың әсеріне тұрақтылық
- [12] ITU-T K.27 нұсқаулығы, Әлеуетті және ғимараттағы жерге қосуды түзетудің телекоммуникациялық жүйесінің пішін үйлесімі
- [13] ITU-T K 31 нұсқаулығы, Әлеуетті және абоненттік ғимараттағы жерге қосуды түзетудің телекоммуникациялық жүйесінің пішін үйлесімі
- [14] ITU-T V 10 нұсқаулығы, 100 кбит/с дейінгі деректерді номиналды беру жылдамдығы кезінде жұмыс істейтін тұрақты және айнымалы токты алмасудың теңестірілмеген тізбектеріне арналған электрлік сипаттамалар
- [15] ITU-T V 11 нұсқаулығы, 100 кбит/с дейінгі деректерді номиналды беру жылдамдығы кезінде жұмыс істейтін тұрақты және айнымалы токты алмасудың теңестірілген тізбектеріне арналған электрлік сипаттамалар
- [16] ITU-T V. 28 нұсқаулығы, Тұрақты және айнымалы токты алмасудың теңестірілген тізбектеріне арналған электрлік сипаттамалар
- [17] ANSI T1.315 – 2001, Телекоммуникациялар. Телекоммуникациялық жабдықта пайдаланылған түзу токтың қоректенуі бар жабдықтарға арналған кернеу деңгейі.
- [18] Неміс телекомпаниясы AG, TS 0076/96, QD2-Интерфейс

[19] ETSI EN 300 001, Кәдімгі коммутацияланатын телефон желісінің айлабұйымдары (PSTN); PSTN ұқсас интерфейсіне қосылған жабдықтарға арналған жалпы техникалық талаптар

[20] ETSI EN 300 012-1, Кешенді қызметпен байланыстың цифрлық желісі (ISDN); «абонент – желі» интерфейсі (UNI); 1-бөлім. 1 деңгейіне спецификациялар.

[21] ETSI EN 300 132-2, Пайдалану шарттарын үлгілеу (EE); Телекоммуникациялық жабдықтарға енгізуде қоректену көзінің интерфейсі; 2-бөлім: Түзу ток кезіндегі жұмыс (d.c.)

[22] ETSI EN 300 233, Кешенді қызметтермен байланыстың цифрлық желісі (ISDN); ISDN бастапқы жылдамдықтың цифрлық бөлімі

[23] ETSI EN 300 247, Телекоммуникация бизнесі (BT); Тұйықталған тізбектерді қамтамасыз етудің техникалық талаптары (ONP); 2048 кбит/с цифрлық арендааланатын құрылымдық емес желі (D2048U) Қосылу сипаттамасы

[24] ETSI EN 300 324-1, Цифрлық локальды алмасудағы V интерфейстері (LE); Желіге қолжетімділікті қолдауға арналған V5.1 интерфейсі (AN); 1-бөлім: V.5.1 интерфейсінің спецификациясы

[25] ETSI EN 300 347-1, Цифрлық локальды алмасудағы V интерфейстері (LE); Желіге қолжетімділікті қолдауға арналған V5.2 интерфейсі (AN); 1-бөлім. V.5.2 интерфейсінің спецификациясы

[26] ETSI EN 300 416, Желінің аспектісі (NA); Халықаралық цифрлық жолдардың траекториясы элементтерінің пайдалану дайындығын қамтамасыз ету

[27] ETSI EN 300 659-2, Қолжетімділік және шекара (AT); Кәдімгі коммутацияланатын телефон байланысына ұқсас қолжетімділік (PSTN); Қызметтің дисплейінің жергілікті желісімен (және байланысқан) абоненттік желінің хаттамасы. 2-бөлім. Деректерді берудің абоненттік шлейфінің қамтылуының жай-күйі

[28] ETSI EN TBR 21, Егер желінің адресациясы қамтамасыз етілсе, екі үнді көп жиілікті сигнал беру жабдығымен болатын терминалды жабдықтың (TE) (дыбыстық телефон қызметін қолдау ТЕ қоспағанда) кәдімгі ұқсас коммутацияланатын телефон желісіне қосылуды жалпы еуропалық мақұлдауға арналған айлабұйымдарға қойылатын талаптар (PSTN)

[29] ETSI TC 102080, Беру және мультиплексирлеу (TM); Кешенді қызметтері бар байланыстың цифрлық желісі (ISDN); Қолжетімділіктің негізгі жылдамдығы; Жергілікті металл желіде берудің цифрлық жүйесі

[30] IEEE 1394 серия, Жоғары рұқсат етуі бар сериялық шиналарға арналған стандарт.

Түйінді сөздер: телекоммуникациялық желі, интерфейс, қауіпті кернеу, энергия үнемдеу режимі



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Электробезопасность

КЛАССИФИКАЦИЯ ИНТЕРФЕЙСОВ ДЛЯ ОБОРУДОВАНИЯ, ПОДСОЕДИНЯЕМОГО К ИНФОРМАЦИОННЫМ И КОММУНИКАЦИОННЫМ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИМ СЕТЯМ

СТ РК МЭК 62102-2009

*(МЭК 62102-2005 «Электробезопасность. Классификация интерфейсов
для оборудования, подсоединяемого к информационным и
коммуникационным технологическим сетям», IDT)*

Издание официальное

Комитет по техническому регулированию и метрологии
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН РГП «Казахстанский институт стандартизации и сертификации», техническим комитетом по стандартизации в области рационального использования энергии, природных ресурсов и ресурсосбережения «Стандартизация ресурсосбережения» № 70 на базе ТОО «ЦентрНормТех»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 25.11.2009 года № 583-од

3 Настоящий стандарт идентичен международному стандарту МЭК 62102-2005 «Электробезопасность. Классификация интерфейсов для оборудования, подсоединяемого к информационным и коммуникационным технологическим сетям» (Electrical safety - Classification of interfaces for equipment to be connected to information and communications technology networks), IDT

**4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ**

**2014 год
5 лет**

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений - в ежемесячных информационных указателях «Государственные стандарты». В случае пересмотра (отмены) или замены настоящего стандарта соответствующая информация будет опубликована в информационном указателе «Государственные стандарты»

Содержание

